

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

г. Ушарал қаласы

«27» Тамыз 2024 г.

«Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі" МКҚК атынан, колледж Жарғысы негізінде әрекет ететін директор А.Т.Садиева, ары қарай «Бірінші тарап» деп аталатын және КХ «Даурен» ары қарай мекемесі деп аталатын директоры Кенжехан Саттархан, «Екінші тарап» деп аталатын, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, білікті жұмысшы кадрлар мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандарын даярлау сапасын арттыру, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру саласындағы тараптардың пікірлері мен мүдделерін ескере отырып, өзара түсіністікке қол жеткізді және төмендегілер туралы стратегиялық ынтымақтастық үшін тараптардың ниеттерін растайды:

1- бап. Ынтымақтастықтың мәні мен принциптері

1. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін келесі салаларда дамытуға жәрдемдесу:

- дуальды оқыту жүйесін енгізуде;
- Екінші тараптың өндірістік персоналын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастықта;
- Озық тәжірибемен алмасу жүйесін қалыптастыру, соңғы ғылыми, оқу және өндірістік жетістіктерді таратуда;
- Бірінші тараптың материалдық-техникалық базасын жаңартуда;
- инженер-педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда;
- білікті кадрларды даярлау мәселелері бойынша әлеуметтік серіктестікті дамытуда;
- білім алушылардың өндірістік практикасын, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан және тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруда және өткізуде;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандықтарына сәйкес келетін біліктілік талаптарын әзірлеуде және жұмыс берушінің техникалық және қызмет көрсету еңбегі қызметкерлерінің кәсіптік даярлық сапасына өзгертін талаптарын ескере отырып, оларды одан әрі жетілдіруде;
- Бірінші тарапты заманауи жабдықтармен жарақтау және құрылыс мәселелері бойынша кеңес беруде;
- техникалық және кәсіптік білім беру және кадрларды даярлау жүйесін басқаруды жетілдіруде;
- еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының жіктеуішін жетілдіруде;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегінің неғұрлым талап етілетін кәсіптерін (мамандықтарын) болжау мақсатында еңбек нарығына зерттеулер жүргізу бойынша бірлескен күш-жігерді жүзеге асыруда;
- техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілік емтихандарын ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде оларды өткізу базаларын іздеу және таңдау.
- Тараптармен өзара айтылып және келісілген басқа салаларда да.

2-бап. Ынтымақтастықты жүзеге асыру

Осы Меморандумды жүзеге асыру жөніндегі атқарушы орган Тараптардың бірлескен кеңесінде құрылған жұмыс тобы болып табылады.

Осы Меморандумның 1-бабында айқындалған іс-шаралар мен қызмет бағыттарын орындау Меморандумның 3-бабына сәйкес жұмыс тобы әзірлеген, Тараптар келіскен және бекіткен, тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3- бап. Жұмыс тобы

Жұмыс тобын құру үшін Тараптар жұмыс тобының мүшелері ретінде өкілдерді тағайындайды. Тағайындалған өкілдер іс-шаралар жоспарын әзірлеуге, өзара іс-қимыл тетігін айқындауға, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге, есептер, талдау мен ұсынымдар жасауға жауап береді.

Жұмыс тобы осы Меморандумның 1 -бабында белгіленген ынтымақтастық ауқымының орындалуына жауапты.

Жұмыс тобы осы Меморандумның 1-бабына сәйкес консультациялар өткізеді, іс- шаралар жоспарын белгілейді және айқындайды. Осы іс-шараларға қатысы бар мәселелерді талқылайды.

Жұмыс тобы отырыстардың келісілген кестесі бойынша жұмыс кездесулерін өткізеді.

Жұмыс тобының талқылауына шығарылатын негізгі мәселелерді Тараптар жұмыс тобының әрбір отырысының алдында айқындайды және келіседі.

4-бап. Өзгертулер және толықтырулар

